

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезені » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - С.160-161

КАЗ-ФЛОР АСТАНА” ЖШС ЖЫЛЫЖАЙ ЖАҒДАЙЫНДА ШЫРАЙГҮЛ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ

Кенжалиев Д. Д.

Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған «Қазақстан – 2050» жаңа стратегиясы «жасыл» экономика стратегиясымен үндес. Іс жүзінде III-индустриялық революция «жасыл экономикадан» басталмақ. Бұл ретте қай елде «жасыл экономика» болса, соның қолында жаңа технологиялар бар [1].

Адам өміріне қолайлы жағдайлар туғызуда өсімдіктердің алатын рөлі өте зор. Олардың жапырақ беті, биосфераның және оның барлық экожүйелерінің күшті қоры болып табылады. Қаланың архитектуралық-жобалау құрылымында әсемдеуіш гүлдердің жетекші орындардың бірі беріледі. Өйткені олар, қала ландшафттың негізгі элементтерінің қалыптасуына қатысады, оларға ерекше көрік береді, бай түстер мен қалыптарды береді. Қалада жасыл зоналарды құру, саябақтар мен скверлерді салу микроклиматты жақсартуға көмектеседі, ауа бассейнін сауықтандырады және тұрғындарды ыңғайлы, сау және көркем демалыс орындармен қамтамасыз етеді [2].

Жаздық гүлді дақылдардың ішінде көп таралғаны – шырайгүл, оның шығу орталығы - Бразилия. Өсіру технологиясында, ең бастысы тұқым тым майда болғандықтан, қоректік заттар қоры тым аз, сондықтан да оған механикалық құрамы жеңіл, өте борпаң, қуыстылығы мен құнарлылығы жоғары топырақ грунттарын таңдаған жөн.

Galliot C., Noballah M., Kuhlemeier C., Stuurman J. есімді ғалымдар өз зерттеулерінде шырайгүлдің өнімділігін жоғарылатуда, оның суару жүйесіне, тыңайтқыш беру жүйесіне және ең бастысы топырақтың құнарлылығына басты көңіл бөлу қажеттігін айтады [3].

"Каз-флор Астана" ЖШС - өндірістік негізде көгалдандыру жұмыстарымен, яғни гүл өсірумен айналысатын еліміздегі ең ірі компаниялардың бірі. Компания Астана қаласының және басқа аймақтардың алаңдар мен көшелерді әлемдік технологияға сай безендіруде жетекші орынды алады. «Каз-флор Астана» - Голландия, Германия, Чехия және Ресей сияқты елдердің компанияларымен тығыз жұмыс істейді. Компания көгалдандыру жөніндегі жұмыстармен Астана қаласын ғана емес, сонымен қатар еліміздің көптеген қалаларын, атап айтсақ Тараз, Павлодар, Қарағанды,

Көкшетау, Ақтөбе, Алматы қалаларын да қамтамасыз етеді. Өнеркәсіп кешенінде өз техникалары бар, олар - бульдозер, экскаваторлар, "Беларусь" тракторы, еліміздің барлық аудандарына гүлді тасымалдау үшін көпфункционалды авторефрижераторлар қолданылады. Гүлдерді өсіру үшін Астана қаласында ауданы 2 га жылыжайы бар.

Қазіргі кезде, " Каз-флор Астана" ЖШС-де туындап тұрған шешімін табу керек мәселелер легі келесідей:

1) Жылыжайдың ауданын арттыра отырып, гүл өсіретін жер аумағын барынша кеңейту;

2) Шырайгүлдің өсіру технологиясын жақсарту, жетілдіру;

3) Шырайгүл өсіруде, оның аурулары мен зиянкестерінен қорғау шараларын жетілдіру;

Жоғарыда келтірілген мәселелерді ескере отырып, диссертациялық жобада міндеттері ретінде: - болашақта шырайгүлдің өнімділігін жоғарылатуда, оның өсіру технологиясын жетілдіре түсу, заманауи технологияларды қолдана отырып, оның селекциясымен, яғни аурулар мен зиянкестеріне және қоршаған орта жағдайларына, аязға, құрғақшылыққа төзімді сорттары мен гибридтерін шет елдерден әкелуді қарастыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, - 2012, 14- желтоқсан.

2. Ерохина В.И. Озеленение населенных мест. Л., 1979. 100 с.

3. Galliot C. Genetics of flower size and nectar volume in *Petunia* pollination syndromes / Galliot C., Hoballah M., Kuhlemeier C., Stuurman J. Public Library of Science. - 2006. P 203-212.

4.

Ғылыми жетекші а.ш.ғ.к., доцент И.И.Жұмағұлов